

Егемен Қазақстан

 **Egemen.kz**

Қаржы секторындағы өзекті мәселелер қозғалды

Алматыда Қазақстан қор биржасы, Ұлттық банк және Қазақстан қаржыгерлері қауымдастығының ұйымдастыруымен X Қаржыгерлер конгресі аясында «Қаржы саласының нақты секторды дамытудағы рөлі, сын-қатерлер мен мүмкіндіктер» тақырыбында форум өтті. Бұл форум теңге күніне орайластырылды.



Кәсіби мерекемен құттықтады

Қаржыгерлер конгресі мемлекеттік органдар мен қаржы ұйымдары өкілдерінің макроэкономикалық саясат пен қаржы секторындағы өзекті мәселелерді бірлесіп талқыға салған негізгі диалог алаңына айналғалы талай жылдың жүзі болды. Биыл қатысушылар экономиканы несиелендіру, қаржылық мүдделерді қорғау үшін сақтандыру нарығын дамыту, қаржылық қолжетімділікке цифрлық тәсіл мәселелерін, сондай-ақ қор нарығындағы жаңа инвестициялық мүмкіндіктерді талқылады. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев қаржы саласы қызметкерлерін кәсіби мерекелерімен құттықтап, қаржы секторын дамытудағы стратегиялық маңыздылықты атап өтті. «Қиын кезеңдерде мемлекет қаржы саласына қолдау білдіру арқылы оның тұрақтылығын сақтап қалды. Банктерге де қорландырудағы бизнестің қажеттіліктерін қамтамасыз ету арқылы дәл осындай рөлді өз міндеттеріне алатын кез келді. Ақша-кредит саясаты және реттеу экономиканың динамикалық дамуы мен макроқаржылық тұрақтылық мүдделерінің теңгерімділігін қамтамасыз етуге тиіс. Біздің барлық жоспарымыз бен міндетіміз, ортақ жалпымемлекеттік міндет – азаматтардың әл-ауқатын көтеру призмасы арқылы құрылуы керек. Форумда айтылған бастамалар мен шешімдер Қазақстанның валюталық нарығы мен қаржы жүйесін нығайтуда іс жүзінде қолданысқа енгізіледі деп сенемін», деп атап өтті Мемлекет басшысы.

Ұлттық банк төрағасы Ғалымжан Пирматов Қазақстанда іргелі жұмыстардың атқарылғанын және Бюджеттік кодекске бюджеттік

ереже бөлігінде өзгеріс енгізілгенін, оның 2023 жылдан бастап күшіне енетінін атап өтті.

Бұл кепілдендірілген трансферт өте консервативті деңгейде мұнайдың кесімді бағасымен шектеледі. Осы ретте жалпы бюджет шығыстары экономикалық өсу үрдісіне және инфляцияға байланысты шектеледі. Ал бұл фискалдық және ақша-кредит саясатын жақсырақ үйлестіруге институционалдық негіз болады. Ұлттық банк төрағасы айтып өткендей, қазір сараптамалық болжамдарды қайта жаңарту тұрғысында жұмыс жүргізіліп жатыр. Оның қорытындысы бойынша шешім қабылданады.

«Қажеттілік туындайтын болса, базалық мөлшерлемені тағы да көтеруге әзірміз. Ол шешімді 5 желтоқсанда жариялаймыз. Біз қашанда шешім қабылдарда негізгі макроэкономикалық параметрлер бойынша болжамдарды, инфляциялық күтулерді және басқа да факторларды назарға аламыз», деді F.Пирматов.

Базалық мөлшерлеме төңірегіндегі пікірталас

F.Пирматов аса өзекті мәселелерге, әсіресе базалық мөлшерлемеге қатысты пікірталастың кәсіби ортада талқыланғанын құп көретінін айтты.

«Біздің шешімдеріміздің түпкі мәнін нарықтағы кәсіби қатысушылардың күннен-күнге түсіне бастағанын көріп отырмын. Мөлшерлемені тым төмен деңгейде дейтіндер де, керісінше, оны тым жоғары көретіндер де бар. Дегенмен кәсіби ортадағы пікірталастарға қарап, ақпараттандырылудың әлдеқайда жоғары екенін байқап отырмыз», деді Ұлттық банк төрағасы.

Қазір валюта нарығындағы ахуал ішкі факторларға ғана байланысты емес екені белгілі. Ұлттық банк ашық коммуникация орнатып, валюта нарығында қабылданған шешімдер дер кезінде хабарланып отырды.

«Бізде еркін айырбас бағамы саясаты бар. Біз оны қатаң ұстанамыз. Еркін айырбас бағамы сыртқы күйзелістерді абсорбциялауға мүмкіндік береді. Сондықтан ол сыртқы қысыммен немесе ішкі күйзеліспен өзгеруі мүмкін», деді Ұлттық банк төрағасы.

Пленарлы үзілісте журналистермен сөйлескен Ұлттық банк басшысы елдегі инфляция өсуінің себептерін атады. Бұл жолы сыртқы фактор көбірек себеп болып отыр. Азық-түлікке, шикізатқа және энергияға сыртқы қысым басым болып тұр. Инфляция Қазақстанның негізгі елдерінде – сауда серіктестерінде басталды. Сонымен қатар рубльдің күш алуы да негізгі себептердің бірі ретінде айтылды. Ұлттық банк басшысы бас банктің жылына төрт рет инфляция болжамын жасайтынын атап өтті. Соңғы болжам тамыз айында жарияланды, ал келесі болжам қарашада жасалады, оның қорытындысы 5 желтоқсанда белгілі болады. Жыл соңына дейін инфляция өседі деп күтілуде, бірақ қай деңгейде болатыны айтылмады.

Форумға келген отандық және шетелдік қаржыгерлер, сарапшылар алдында сөз сөйлеген Қазақстан қаржыгерлер қауымдастығының төрағасы Елена Бахмутова қаржыгерлер форумы қиын кезеңде өтіп жатқанын қаперге салды. Ел экономикасының бәсеңдеуіне, ақша-несиелік конъюнктураның айтарлықтай қатаюуына қарамастан, елдің банк секторы тұрақты экономика үшін қарыз қаражатының негізгі көзі болып қала береді.

«Үшінші тоқсан қаржы секторының активтері мен капиталы өскенін көрсетті. Банктер, сақтандыру ұйымдары, брокерлер және инвестициялық портфельді басқарушылар, микроқаржы және лизингтік ұйымдары жаңа технологиялық шешімдерге қол жеткізді. Өсу траекториясының қазіргі деңгейін сақтау үшін қандай сыртқы күйзелістерге дайындалуымыз керек, оның ел экономикасына тигізетін кері әсерін азайтуға бола ма және мұндай жұмсартудың құны қандай? Осы жайттарды түсінуіміз керек», деді Е.Бахмутова.

Банктер мемлекет көмегінсіз жұмыс істей алады

Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің төрағасы Мәдина Әбілқасымованың айтуынша, ресейлік банктердің нарықтан кетуіне байланысты бірқатар өзгеріс орын алды. Аталған агенттік Үкіметтің «Сбербанк» АҚ ЕБ сатып алу және оны Қазақстанның банк секторындағы жеке ойыншы ретінде қалдыру туралы шешімін қолдайды. «Бәйтерек» холдингі банк SDN санкцияларынан шыққаннан кейін бұл банкті жеке инвесторға сатуды жоспарлап отыр. Қазір осы бағытта жұмыс жүргізіліп жатыр. Бұл банк секторындағы бәсекелестікті қолдауға және дамытуға көмектеседі.

Сондай-ақ агенттік басшысы лицензиялау рәсімдері оңтайландырылатынын айтты. Депозиттерді тартуды бір жыл ішінде шектейтін норма бар, бұл норма 20 жыл бұрын қарастырылғанымен тәуекелдерді басқару жүйесі болмаған. «Сондықтан бұл норманы алып тастауға болады және келесі жылы тиісті заңнамалық түзетулер қабылданады деп есептейміз», деді М.Әбілқасимова.

Осыған дейін 2019 жылы қаржы реттеушісі банк активтерінің сапасына бірінші рет бағалау жүргізгені, 2020 жылы Қазақстандағы коммерциялық банктер стресс-тестілеуден өткені айтылған еді. Биыл наурыз айында Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Ұлттық банкпен бірлесіп, жыл сайынғы қадағалау процесіне AQR және қадағалау стресс-тестілеуін (SST) енгізуді аяқтады. Жобаға төрт банк қатысты.

М.Әбілқасимова қазақстандық банктер мемлекет көмегінсіз де жұмыс істей алатынын айтты. Биыл алғаш рет еліміздегі 10 ірі банкте кезекті активтер сапасына шолу (Asset quality review) жүргізіліп, 17 қазанда аяқталды. «Біз провизиялардың қосымша қалыптасуын 2,3 пайыздық тармақ деңгейінде бағалаймыз. Бұл – жақсы нәтиже, экономиканы жоға-

ры сапалы несиелеуді арттыруды жалғастыру үшін банктердің мүмкіндігі жеткілікті екенін көрсетеді», деді М.Әбілқасымова.

Агенттік басшысы күрделі сыртқы экономикалық жағдайларға қарамас-тан, биыл бизнеске қарыз беру қарқыны артқанын атап өтті. Биыл 9 айда экономиканы несиелеу 21,1 трлн теңгеге дейін өсті, бизнесті несиелеу 5,2 пайызға – 8,9 трлн теңгеге дейін ұлғайды. Жалпы алғанда, банктерді капиталдандыруды күшейту бойынша ауқымды жұмыс жүргізілді. «Тұрақты AQR енгізіліп, стресс-тестілеу іске қосылды. Макроэкономикалық ортаның нашарлауының барлық әлеуетті тәуекелі 2023 жылғы наурызда аяқталатын стресс-тестілеу сценарийінде қамтылған», деп атап өтті ведомство басшысы.

Сондай-ақ несиелеу бойынша көрсеткіштердің өсуіне мемлекеттің қолдау шаралары ықпал еткен. «Көрсеткіштерге мемлекеттік бағдарламалар бойынша несиелерді субсидиялау ықпал еткені сөзсіз. ШОБ туралы айтатын болсақ, олар мемлекеттік бағдарламалар бойынша барлық субсидия мен кепілдікті пайдаланады. Бұл ШОБ үшін өте маңызды қолдау құралы. «Қарапайым заттар экономикасы» – бизнеске жеңілдетілген мөлшерлеменен ұзақ мерзімді несие ресурстарын (5-7 жыл) беретін жалғыз бағдарлама. Жоба бойынша бірінші жартыжылдықта банктердің лимиттері таусылды. Содан кейін біз өзгертулер енгіздік, лимиттерді ұлғайттық және мөлшерлемелерді көтердік, өйткені базалық мөлшерлеме өсті», деп түсіндірді М.Әбілқасымова.

2022 жылғы наурызда Ресей үкіметі шетелдік инвесторларға бағалы қағаздармен операциялар үшін шектеулер енгізгені, Қазақстан азаматтарының кейбір бағалы қағаздары ресейлік есепке алу ұйымдарында бұғатталғаны белгілі.

Форумға қатысқан KCSD Орталық депозитарийдің басқарма төрағасы Әділ Мұхамеджанов Ұлттық есеп айырысу депозитарийіне сілтеме жасай отырып, ресейлік бағалы қағаздардан және Ресей Федерациясының есепке алу ұйымдарынан қаражат шығару механизмін айтып, көпті толғандырған сауалдың жауабын тарқатты. Ұлттық есеп айырысу депозитарийіндегі Қазақстанның Орталық депозитарийінің шотына қатысты шектеу C типіндегі шот ретінде қойылған. «Оған қағаздарды кіргізуге болады, ал ол жерден қағаздарды шығаруға болмайды. Онда барлығы 51 эмитенттің 47 акциялар шығарылымы және 21 облигациялар шығарылымы бар. Бұл шығарылымдардың индикативтік көлемі шамамен 35 млрд рубльді құрайды. Оның шамамен 94%-ы облигацияларға тиесілі, жартысынан көбі Ресей заңнамасына сәйкес шығарылған Қазақстан Қаржы министрлігінің еуроноталарына тиесілі», деді Ә.Мұхамеджанов.

Тамыз айында Мәскеу биржасы достастық елдердің бейрезиденттеріне акциялар мен облигациялар нарығына кіруге рұқсат берді.

Шетелдік бағалы қағаздар өскен

Ә.Мұхамеджанов бағалы қағаздардан және Ресей Федерациясының есепке алу ұйымдарынан қаражат шығару тетіктері туралы да әңгімеледі. Қазақстандық инвесторлар активтерін аудару және оларды кейіннен сату үшін ресейлік брокерге жүгініп шот ашуы, осы қағаздарды KCSD арқылы есептен шығаруға және оларды ресейлік брокер арқылы есепке алуға тиісті бұйрықтар берілуге тиіс. «Бағалы қағаздар есептелгеннен кейін оны ресейлік брокер арқылы Мәскеу биржасында сатуға болады. Осы механизм бойынша бағалы қағаздарды KCSD шотынан ҰЕД-ға шығару бойынша алғашқы операциялар жүргізілді. Бұл механизмнің жұмыс істеп тұрғанын көрсетеді», деді Орталық депозитарий басшысы.

Сондай-ақ 2022 жылғы қазан айының соңында KCSD-де депозитарлық қызмет көрсетуге қабылданған бағалы қағаздар шығарылымының саны жыл басынан бері екі есеге өсіп, KCSD-де депозитарлық қызмет көрсетуде тұрған шетелдік бағалы қағаздар шығарылымдары да ұлғайған. Осы жылдың 1 қарашасында басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес шығарылған бағалы қағаздардың индикативті көлемі 11 млрд доллардан асты. Шетелдік бағалы қағаздардың жаңа шығарылымының жартысына жуығы (47,4%) облигациялар болды. Қазанның соңындағы шетелдік облигациялар шығарылымдарының саны жыл басынан бері үш еседен астамға өсті (165-тен 572 шығарылымға дейін).

Цифрлы теңгеге кепілдік береді

Ұлттық банктің цифрлы теңгені 2022 жылдың соңына дейін енгізетіні осыған дейін айтылған. Ұлттық банктің Төлем және қаржылық технологияларды дамыту орталығы цифрлы теңгенің технологиялық әлеуетін, экономикалық пайдасы мен шығынын, жүйені реттеу мүмкіндіктерін, сондай-ақ экожүйені дамыту әлеуетін бағалау бойынша зерттеу жүргізген. Орталық төрағасы Бинұр Жәленов «Цифрлы теңге» қанатқақты жобасын жүзеге асырудың алдын ала нәтижелері туралы әңгімеледі. Оның айтуынша, цифрлы теңге қолма-қол ақшамен де, қолма-қол ақшасыз да қаражаттың қасиеттерін біріктіретін үшінші төлем нысанына айналады. Цифрлы теңгенің көмегімен интернетке қосылмай-ақ оффлайн режимде төлеуге, сондай-ақ банктік қосымшаларда немесе интернет-дүкендерде онлайн режимінде төлем жасауға болады. Яғни цифрлы теңгеге мемлекет кепілдік беріп отыр. Сондай-ақ токенизация технологиясы арқылы бірегей қасиеттерге ие болады. «Бағдарламалану және смарт келісімшарттар нарық қатысушылары мен мемлекеттік органдар үшін жаңа мүмкіндіктер ашады. Қосымша мүмкіндіктер тұтынушыларға қолжетімді болады. Мысалы, цифрлы теңге сақталған құрылғы жоғалған жағдайда оны қалпына келтіруге болады. Ең маңызды қасиеттердің бірі,

азаматтардың конституциялық құқықтарына анонимдік қауіп төндірмейді», деп атап өтті сарапшы.

Осыған дейін «цифрлы теңге айналымға енсе, дәстүрлі теңгенің болашағы қалай болады?» деген сауал көкейде жүретін. Б.Жәленов бұл дәстүрлі теңгенің орнын ауыстырмайтынын, тек қолданыстағы төлем инфрақұрылымын толықтыратынын айтады. Бұл туралы екінші деңгейлі банктермен және төлем ұйымдарымен «екі деңгейлі архитектура» қағидаты бойынша жұмыс жүргізілді. Спикердің айтуынша, цифрлы теңгені инвестиция немесе жинақтау құралы емес, ең алдымен төлем құралы болатындай етіп дамыту және енгізу маңызды.

Төлем мен қаржылық технологияларды дамыту орталығының төрағасы цифрлы теңгені енгізу мемлекеттік қаражатты жетондарды таңбалау және кері таңбалау механизмі арқылы жұмсау тиімділігін де арттыратынына сенімді. Сондай-ақ трансшекаралық және көтерме төлемдерді жылдамдатады, сондай-ақ құнын төмендетеді, цифрлы активтер индустриясымен және DeFi (орталықтандырылмаған қаржы) қауіпсіз және ыңғайлы интеграцияны қамтамасыз етеді. Ол 2022 жылдың қазан айында цифрлы теңге платформасында 5 күндік қанатқақты жоба өтіп, 3 594 транзакция жасалғанын еске түсірді. Оның 68 пайызы онлайн төлем жағдайында QR кодтары арқылы арнайы, бағдарламаланған VG арқылы және төлем оффлайн режимінде жүргізілді. Сарапшының айтуынша, жүйе тұрақты жұмыс істеген. Демек, цифрлы теңгені енгізу қажеттігі туралы түпкілікті шешім қабылданса, үш жыл ішінде бұл жүйені қалыпқа түсіруге мүмкіндік бар. 2023 жылы токендер, 2024 жылы оффлайн режимінде қолжетімді болады, ал 2025 жылы басқа платформаларда еркін интеграцияланады. Сондай-ақ орталық жетекшісі цифрлы теңгені енгізу бойынша түпкілікті шешім жыл соңына дейін қабылданатынын еске салды.

Ұлттық банк 15 желтоқсанға дейін оны енгізу технологиясын, тәуекелдерін және келешегін егжей-тегжейлі сипаттайтын ақ қағаз есепті жариялайды. «Экономикалық модельдеу нәтижелері туралы қосымша хабарлаймыз. «Цифрлы теңге экономикаға қажет пе, жоқ па?» деген сауалдың жауабы сол кезде айтылады», деп түйіндеді Б.Жәленов.

Форум аясында цифрлы технологияларды енгізудегі қаржылық қызмет түрлеріндегі ерекшеліктер, қор нарығының интеграциялық үдерістері, қор нарығы арқылы экономиканы қаржыландыру, биржалық инфрақұрылымдарды дамыту сияқты мәселелер талқыланып, ықпалдастық келісімдер туралы меморандумға қол қойылды.